

"Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген күәлік" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 651 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қарашада № 16015 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 215 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.04.2020 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген күәлік" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір қун өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2017 жылғы 5 қазан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

2017 жылғы 3 қараша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 27 қыркүйектегі  
№ 651 бұйрығымен бекітілген

**"Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлік "**

**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлік" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) әзірленді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрлік көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініштерді қабылдау және нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы;
- 2) [www.gov.kz](http://www.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Көрсетілетін қызмет беруші құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынған құжаттардың топтамасын толық емес фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызмет беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Тез бұзылатын тاماқ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес бекітілген нысан бойынша тез бұзылатын тاماқ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес куәлік, немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының 10-тармағымен көзделген жағдайда және негізде мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландарылған электрондық құжат нысанындағы дайындығы туралы хабарлама алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – қызмет алушылар) тегін негізде көрсетіледі.

## 8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) порталдың – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Қызмет алушының (немесе уәкілетті өкілінің: өкілдігін растайтын құжат бойынша занды тұлға; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлға): жүгінген жағдайында мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі :

### 1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекетті қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

сынақ хаттамасының тұпнұсқасы немесе сараптамалық тексеру хаттамасының тұпнұсқасы.

### 2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК қол қойылған электрондық құжат нысаны бойынша өтініш;

сынақ хаттамасының немесе сараптамалық тексеру хаттамасының көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жеке басын куәландыратын (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі) құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көлік құралын тіркеу туралы куәлік туралы ақпаратты

қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

**10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін:**

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсете үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып саналады.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті**

**берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша шешімдері, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жұмыс күндері қабылданады.

Шағымды қабылдаған нөмірі, күні, адамның тегі көрсетілген, байланыс деректері көрсетілуімен, сондай-ақ, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, шағымды қарастыру барысын білуге болатын

лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілуімен көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу (мөртанды, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндөу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түsken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның - атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетіletіn қызметті алушының қол қоюы тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетіletіn қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4-тарау. Мемлекеттік көрсетіletіn қызметті, оның ішінде электрондық түрде көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетіletіn қызметті берушінің [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz) ("Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетіletіn қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетіletіn қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.

15. Көрсетіletіn қызметті алушы порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-47-65, Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Тез бұзылатын тамак өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлік" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет  
стандартына қосымша  
Нысан  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрлігі

Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы  
тасымалдарға  
арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілетін,  
көлік  
құралдарының Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау  
және осы  
тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімінің  
талаптарына  
сәйкестігі туралы куәлікті ресімдеуге және беруге  
**ӘТІНІШ**

1. \_\_\_\_\_

(әтініш берушінің атауы)

атынан

(лауазым, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

тиесілі

(кімге)

немесе \_\_\_\_\_

қолданатын

(кіммен)

Ұсынылған

(кіммен)

(жүк автокөлігі, тіркеме, жартылай тіркеме, контейнер және бұдан әрі  
осылайша,

тіркеу белігі, шасси (кузов) нөмірі, қозғалтқыш)

"Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға

арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес күәлікті беру"  
көлік

құралдарының талаптарына сәйкестігі туралы күәлікті беруді сұрайды.

2. Өтініш берушінің деректемелері:

2.1. Занды мекенжайы (жеке кәсіпкердің орналасқан мекенжайы):  

---

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон/факс: \_\_\_\_\_

Ұйымның басшысы: \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))